Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитеті
«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС

Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан
Комитет рыбного хозяйства МСХ РК
ТОО «Научно-производственный центр рыбного хозяйства»

«ГИДРОБИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ» МЕКЕМЕСІ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ИНСТИТУТ ГИДРОБИОЛОГИИ И ЭКОЛОГИИ»

КАСПИЙ ИТБАЛЫҒЫН САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫС (PUSA CASPICA GMELIN, 1788)

РЕКОМЕНДАЦИЯ ПО СОХРАНЕНИЮ КАСПИЙСКОГО ТЮЛЕНЯ (PUSA CASPICA GMELIN, 1788)



АЛМАТЫ, 2026

УДК 502.74:599.745.3(262.81)
ББК 28.693.369+20.18
Б20

Ұсыным «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің Ғылыми/Үйлестіру кеңесінде қаралып, мақұлданды.
№3 Ғылыми/Үйлестіру кеңесі хаттамасынан алынған
№2 үзінді 2026 жылғы 10 шілде
Рекомендация рассмотрена и одобрена Ученым/Координационным советом
ТОО «НПЦРХ», выписка №2 из протокола Ученого/Координационного совета №3 от 10 июля 2026 года

Баймуканов М. Т. Каспий итбалығын (Pusa caspica Gmelin, 1788) сақтау жөніндегі ұсыным // — Алматы. — ЖК «DO-Design factory». — 2026. — 64 с.

Баймуканов М. Т. Рекомендация по сохранению каспийского тюленя (Pusa caspica Gmelin, 1788) // — Алматы. — РКП «DO-Design factory». — 2026. — 64 с.

Каспий итбалығын (Pusa caspica Gmelin, 1788) сақтау жөніндегі ұсыным
Рекомендация по сохранению каспийского тюленя (*Pusa caspica* Gmelin, 1788)

Жұмыста Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне қарасты «Каспий итбалығы» мемлекеттік табиғи резерваты» мемлекеттік мекемесінде оңалту орталығын құру және оның қызметі мен жұмысын қамтамасыз етудің құқықтық негізін қалыптастыру қажеттілігі негізделеді. Өз кезегінде, оңалту орталығының қызметін жүзеге асыру үшін Каспий итбалығын оңалту және зерттеу мақсатында табиғи ортадан алып қоюдың құқықтық негізін қалыптастыру қажет. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамаға ұсынылып отырған өзгерістер Каспий итбалығын сақтап қалу үшін ғана емес, сонымен қатар Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген барлық жануарлар түрлерін сақтау үшін де маңызды болады.

В работе приводится обоснование необходимости создания правовой основы деятельности и содержания реабилитационного центра в государственном учреждении "Государственный природный резерват "Каспий итбалығы" Комитета рыбного хозяйства Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан". В свою очередь, для деятельности реабилитационного центра потребуется создание правовой основы изъятия каспийского тюленя в целях реабилитации и изучения. Предлагаемые изменения в законодательство по охране, воспроизводству и использованию животного мира и особо охраняемых природных территорий будут важны не только для сохранения каспийского тюленя, но и для сохранения всех видов животных из Перечня редких и находящихся под угрозой исчезновения видов животных.

Рецензенттер:
Искакбаев А.А. – «КАПЭ» ЖШС теңіздегі экологиялық мониторинг бөлімінің басшы орынбасары;
Шагилбаев А. У. – «ГЭИ» мекемесі су және су маңы организмдерінің экологиясы зертханасының меңгерушісі.

Рецензенты:
Искакбаев А.А. - заместитель начальника отдела экологического мониторинга на море ТОО «КАПЭ»;
Шагилбаев А.У. – заведующий лабораторией экологии водных и околоводных организмов Учреждения “ИГЭ”.
Мұқабалардағы фотосуреттер: © М. Т. Баймуканов
На обложках: фото © М. Т. Баймуканова

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан қаржыландырылады (BR №23591095 гранты).
Данное исследование финансируется Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан (грант BR №23591095).

ӘОЖ 28.693.369+20.18
УДК 502.74:599.745.3(262.81)
ISBN 978-601-80201-9-3

Мекенжайы: 040916, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы, Рахметов к., 58/1
Электрондық пошта: institute_he@ihe.kz Телефон: 8 (727) 388-33-28

МАЗМҰНЫ

Негіздеме.....4

ҰСЫНЫС.....13

Қосымша.....19

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....56

СОДЕРЖАНИЕ

Обоснование……31

РЕКОМЕНДАЦИЯ……39

Приложения……45

Библиография……56

Негіздеме

Каспий итбалығы – Каспий теңізіндегі жалғыз теңіз сүтқоректісі, теңіздің барлық аумағында таралған эндемик түр және Қазақстан Республикасының Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген [1].

Қазақстандық теңіз секторы Каспий теңізінің жалпы жағалау сызығының шамамен 30 %-ын құрайды және мұнда осы түр популяциясының басым бөлігі шоғырланған. Каспий итбалығы сияқты сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерді сақтау және зерттеу қажеттілігі Қазақстан Республикасы ратификациялаған бірқатар конвенцияларда (Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция, Жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы конвенция, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция, Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция), Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісімде, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде [2–7], сондай-ақ басқа да заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерде көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында [8] ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесін ұлғайту, экожүйелердің мониторингін жүргізу, экологиялық қауіп-қатерлерді бағалау, Каспий итбалығының мекендеу ортасын қалпына келтіру және қорғау, сондай-ақ оны сақтау жөніндегі басқару стратегияларын әзірлеу және енгізу көзделген.

Қазақстан Республикасында 2026–2035 жылдарға арналған биоәртүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану тұжырымдамасында [9] климаттың өзгеруі антропогендік жүктемелермен қатар Каспий итбалығына тікелей қауіп төндіретіні атап көрсетілген. Осыған байланысты Каспий итбалығының популяциясын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылып, тұрақты мониторинг жүргізу, жаңа технологияларды пайдалану және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы Каспий итбалығының саны ең төменгі тұрақты деңгей – 260 мың дарадан төмен болмауын қамтамасыз ету көзделген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Каспий итбалығы популяциясының азаю себептерін зерттеуді тапсырды және бұл мәселенің шешілуін жеке бақылауына алды.

Каспий итбалығы санының азаюына әсер ететін негізгі шектеуші факторларға мыналар жатады: теңіздің ластануы; климаттың жылынуы және теңіз деңгейінің регрессиясы салдарынан Солтүстік Каспийдегі мұз жамылғысының қысқаруы және бұзылуы; теңіз акваториясында өнеркәсіптік нысандардың салынуы; теңіздегі мұнай-газ кен орындарының инфрақұрылымына қызмет көрсету мақсатындағы қысқы кеме қатынасы. Аталған факторлар көбею үдерісіне қауіп төндіріп, жануарлардың иммунитетінің әлсіреуіне және Каспий итбалығының жаппай қырылу қаупінің туындауына әкеледі [10–12]. Каспийге бөгде түрлердің, атап айтқанда, ктенофор *Mnemiopsis leidyi (A. Agassiz, 1865)* түрінің енуі салдарынан қоректік тізбектің бұзылуы [13] Каспий итбалығының

қорекпен қамтамасыз етілуіне теріс әсер етеді. Заңсыз, есепке алынбайтын және реттелмейтін кәсіпшілік, балық аулау құралдарына абайсызда түсіп қалу, сондай-ақ итбалықтардың шоғырланып жататын орындарындағы кеме қатынасы, суда жүзетін құстарды аулау және «жабайы» туризм түріндегі мазасыздандыру факторлары итбалықтардың қырылуына, мекендеу ортасының деградациясына және қысқаруына әкеледі.

Қазақстандық теңіз секторының жағалауында өлген итбалықтардың өлекселері теңізде кездеседі және батыс бағыттағы желдер кезінде жағалауға шығып қалады. Өлім-жітімді талдау Каспий итбалығы популяциясының демографиялық жағдайының тұрақты түрде қолайсыз екенін көрсетеді. Қазіргі кезеңде популяцияда жасы үлкен, яғни 30 жастан асқан даралар жоқ немесе өте аз [14].

2019–2023 жылдары теңіз қоқысының әсерін зерттеу барысында жағалау және жағалау маңы аймақтарынан итбалықтардың 395 өлексесі мен қалдықтары анықталды, олардың 37-сі (9,4 %) тасталған балық аулау торларына шырмалып қаза болған. 2024–2025 жылдардағы зерттеулер нәтижесінде браконьерлік бекіре аулауға арналған қармақ ілмектерінен жарақаттану, балық аулау торларына шырмалу, денесі мен басындағы жарақаттар, сондай-ақ басы мен жүзбеқанаттарының болмауы салдарынан болған өлім-жітім саны зерттелген 304 өлексенің жалпы санының 3,6 %-ын құрағаны анықталды.

Сонымен қатар, зерттелген итбалықтардың өлекселерінен ішкі ағзаларда – бүйрек, бауыр, жүрек, өкпе және көкбауырда – айқын патологиялық өзгерістер

анықталды. Ересек дараларда бұл өзгерістер созылмалы және үдемелі сипатта болып, тіндердің ауыр құрылымдық зақымдануымен аяқталады. Орта жастағы итбалықтарда белсенді қабыну-деструктивті үдерістер басым. Жаңа туған күшіктерде паренхималық және лимфоидтық құрылымдарды қамтитын ағзалардың жүйелі зақымдануының бастапқы белгілері анықталады.

Аталған өзгерістердің жиынтығы әртүрлі дәрежеде және әртүрлі ұзақтықта дамыған көпағзалық патологиялық үдерістің бар екенін көрсетеді. Бұл ретте зақымданулардың сипаты мен таралуы организмнің өмірлік маңызды функцияларының терең бұзылғанын көрсетеді. Мұндай жағдай иммунитеттің әлсіреуіне, инфекциялық және паразиттік аурулардың дамуына және жануарлардың қырылуына әкелуі мүмкін.

Зерттеулер Каспий итбалығы популяциясында ауру және жарақаттанған жануарлардың көп екенін, олардың итбалықтардың шоғырланып жататын орындарында және теңіз акваториясында тіркелетінін көрсетеді (Қосымша). Қазақстан Республикасы «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 15-бабы 2-тармағында: «Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін қорғауды мемлекет жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін қорғау жөнінде шаралар қабылдауға міндетті» деп көрсетілген [15].

Осыған байланысты арнайы қызметтердің күшімен құтқаруға болатын әрбір дараны сақтап қалу үшін

құқықтық және практикалық жағдайлар жасау қажет. Осы мақсатта Қазақстанның теңіз секторында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 қазандағы № 884 қаулысымен Маңғыстау облысының Түпқараған және Бейнеу аудандарының шегіндегі Каспий теңізінің су қоры жерлерінде жалпы ауданы 108 632,31 гектар болатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне қарасты «Каспий итбалығы» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды [16].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 26 қарашадағы № 1009 қаулысымен 2026–2029 жылдарға арналған Каспий итбалығының популяциясын сақтау жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді. Аталған жоспарда «Каспий итбалығы» мемлекеттік табиғи резерватының (МТР) оңалту орталығында ветеринариялық дәрігерлердің тағылымдамадан өтуі көзделген [17].

Алайда Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдарында «оңалту орталығы» ұғымының анықтамасы жоқ [15, 18]. Бұл ұғым Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңында берілген [19]. Аталған заң үй жануарларына, қараусыз қалған жануарларға, қызметтік жануарларға және тұтқында ұсталатын жануарларға қатысты қоғамдық қатынастарды реттейді және жануарларды қатыгез қарым-қатынастан қорғауға, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоғамның адамгершілігі мен ізгілігін нығайтуға

бағытталған. Аталған заңда келтірілген: *«- жануарларға арналған оңалту орталығы – өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда қалған, табиғи жағдайда өмір сүруге қабілетсіз, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (серік жануарларды) шектеулі түрде қабылдауға, емдеуге, уақытша ұстауға, оңалтуға және жануар иесіне және (немесе) жауапты тұлғаға не табиғи мекендеу ортасына қайтаруға жататын немесе жатпайтын жануарларды бейімдеуге арналған және жабдықталған мүліктік кешен»* деген анықтама (1-бап) мемлекеттік табиғи резерват құрамында құрылуға тиіс Каспий итбалығын ұстау, емдеу және оңалту жөніндегі оңалту орталығының функционалдық мақсатына сәйкес келмейді. Оңалту орталығын МТР құрамында құру қажеттілігі ғылыми зерттеулер жүргізу барысында [20, 21], сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу кезінде негізделген.

Әлемде итбалықтарды, тюленьдерді және теңіз арыстандарын құтқарумен және оңалтумен айналысатын шамамен 80 мамандандырылған орталық және бейіні кең 400-ден астам ұйым бар (сурет). Солардың ішінен екі мысалды келтіруге болады.

АҚШ-та ескекаяқтыларды (итбалықтар, теңіз арыстандары, морждар) оңалту Теңіз сүтқоректілерін қорғау туралы заңмен (ТСҚЗ) қатаң реттеледі. Құтқару жұмыстарын NOAA Fisheries ресми сайты көмек көрсету

орталықтарының желісі арқылы үйлестіреді. Осындай ұйымдардың ішіндегі ең ірілерінің бірі – Калифорниядағы

The Marine Mammal Center ресми сайты (сурет). Бұл орталық 1975 жылдан бері 28 000-нан астам жануарды құтқарған. Тұрғындар мен туристер ауру немесе жағалауға шығып қалған жануарлар туралы жедел қызметтердің телефон нөмірлері арқылы хабарлайды. Ескекаяқтыларды құтқаруға, емдеуге және табиғи ортаға қайтаруға тек сертификатталған мамандар мен арнайы федералдық рұқсаттары бар волонтерлердің құқығы бар. Мамандар жағажайға барып, итбалықтың немесе теңіз арыстанының жағдайын бағалайды және оны Орталыққа тасымалдау туралы шешім қабылдайды. Клиникаларда қан талдаулары, рентгендік зерттеулер жүргізіліп, инфекциялар мен жарақаттар анықталады. Ауру және әлсіреген жануарларға арнайы балық қоспасы бөтелке арқылы беріледі, дәрі-дәрмектер мен дәрумендер тағайындалады. Арнайы бассейндерде жануарлар жүзуге және қорек аулауға үйреніп, қажетті салмаққа дейін жетеді. Мұхитқа қайта жіберер алдында ескекаяқтыларға микрочиптер немесе олардың табиғи ортадағы бейімделуін бақылауға мүмкіндік беретін таңбалар орнатылады.



Сурет – Теңіз сүтқоректілерін қорғау орталығы
(Сосалито, Калифорния)
(https://www.marinemammalcenter.org/visit/getting-here)

Австралияда теңіз сүтқоректілерін, оның ішінде ескекаяқтыларды (итбалықтар, теңіз итбалықтары және сирек кездесетін австралиялық теңіз арыстандары) оңалту мемлекет тарапынан реттеледі және мамандандырылған орталықтар, хайуанаттар бақтары, сондай-ақ тәулік бойы жұмыс істейтін еріктілердің құтқару жасақтары желісі арқылы жүзеге асырылады. Көмек көрсететін ұйымдар мен орталықтардың ішінде Австралиядағы киттәріздерді құтқару және зерттеу ұйымы (Organisation for the Rescue and Research of Cetaceans in Australia – ORRCA) – елдің шығыс жағалауында жұмыс істейтін, тәулік бойы (24/7) қызмет көрсететін ең ірі еріктілер желісі. Мамандар жануарлардың жағалауға шығып қалуы және балық аулау құралдарына

шырмалу жағдайлары бойынша оқиға орнына барады. Австралияның теңіз жануарларын зерттеу және құтқару ұйымы (Australian Marine Wildlife Research & Rescue Organisation – AMWRRO) – Оңтүстік Австралиядағы ескекаяқтыларды, құстарды және теңіз тасбақаларын құтқару, емдеу және табиғи ортаға қайтарумен айналысатын негізгі лицензияланған ұйым. Сиднейдегі Таронга хайуанаттар бағы (Taronga Zoo Sydney) – Сиднейде жабайы жануарларға арналған заманауи қарқынды терапия және оңалту орталығы бар. Мұнда әлсіреген немесе дауыл салдарынан жарақаттанған жас итбалықтар мен теңіз құстары тұрақты түрде қабылданады. Оңалтуды қажет етудің негізгі себептері: қоқысқа шырмалу – пластикалық сақиналар, үзілген балық аулау торлары мен қармақ жіптері жануарлардың денесіне батып, терең жарақаттар туғызады; әлсіреу және жарақаттану – жас жануарлар көбіне анасынан айырылып қалады немесе қатты дауыл кезінде әлсірейді, сондай-ақ акулалардың шабуылынан немесе кемелермен соқтығысудан зардап шегеді; балық аулау шаруашылығының әсері – коммерциялық балық аулау торларына (мысалы, ауға арналған торларға) кездейсоқ түсіп қалу, торларға шырмалу және денесінің жарақаттануы [22–25].

ҰСЫНЫС

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Каспий итбалығының популяциясын сақтау үшін оңалтуды қажет ететін сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру қажет.

Ең алдымен, «оңалту» және «оңалту орталығы» ұғымдарын заңнамаға енгізу қажет. Бұдан әрі ұсыныстар Каспий итбалығын оңалтуды іс жүзінде жүзеге асырудың құқықтық негіздемесін қамтамасыз ететіндей етіп баяндалады. Бұл ретте Каспий итбалығы мысалында заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген барлық жануарлар түрлерін оңалтуға құқықтық негіз қалыптастыратынын атап өткен жөн.

1. **Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңына** мынадай өзгерістер енгізу ұсынылады:

1.1. 1-бапта мынадай редакциядағы тұжырымды енгізу ұсынылады:

«Жануарларды оңалту – ауыр науқастанған және жарақаттанған жабайы жануарларды ұстау, олардың денсаулығы мен тіршілікке қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі ғылыми негізделген шаралар кешенін, кейіннен оларды табиғи ортаға жіберуді білдіреді».

1.2. 15-баптың 3-тармағын сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін табиғи ортадан алып қоюға Қазақстан Республикасы Үкіметінің

шешімі бойынша, биологиялық негіздеме негізінде ерекше жағдайларда, оның ішінде мынадай мақсаттар үшін жол берілетіні туралы толықтырумен толықтыру:

- оңалту

1.3. Сондай-ақ 15-баптың 5-тармағын ***«оңалту»*** сөзімен толықтыру ұсынылады: «Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын ұстау, ***оңалту***, тасымалдау, сату, сатуға қою және сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады».

Аталған баптың көрсетілген тармағына **«оңалту»** ұғымын енгізу, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін оңалтуды олардың популяцияларын сақтау және қалпына келтіру мақсатындағы осы бап шеңберіндегі дербес әрі аса маңызды қызмет түрі ретінде қарастыру қажеттігінен басқа, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің санын сақтауға және қалпына келтіруге қатысты негізгі заң болып табылатын Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңына сілтеме жасайды.

2**. Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңына** мынадай толықтырулар енгізу қажет:

2.1. 1-бапты **«Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар»** мынадай мазмұндағы ұғыммен толықтыру:

«Оңалту орталығы – Қазақстан Республикасының Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген жануарларды оңалтуға арналған мамандандырылған мүліктік кешен. Оңалту орталықтарын құру және олардың қызметі тиісті Қағидалармен реттеледі».

2.2. Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыретін толықтыру.

8-баптың 6-1) тармағын «Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті» мынадай мазмұндағы абзацпен толықтыру:

- сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін оңалту қағидаларын әзірлеу.

Жануарларды оңалтуға жататын жануарларды табиғи ортадан алып қою тәртібі, оңалту орталықтарының қызметі, оларға қойылатын талаптар және жануарлардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік реттелетін жеке Қағидалардың болуы қажет.

2.3. 30-баптың 2-тармағын **«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорының қалпына келтірілуі»** ***«оңалту»*** ұғымымен толықтыру:

сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар түрлерін көбейту, **оңалту,** өсіру және табиғи ортада қалпына келтіру.

Оңалту – жануарлардың санын сақтауға бағытталған қызметтің дербес түрі.

2.4. 35-бапты **«Табиғат қорғау мекемелерін дамыту және күтіп-ұстау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру»** мынадай мазмұндағы абзацпен толықтыру:

- ***оңалту орталықтарын күтіп-ұстау және жануарларды оңалту***

Республикалық бюджеттен МТР құрамындағы оңалту орталықтарын күтіп-ұстауға және жануарларды тікелей оңалтуға арналған қаржылық қаражатты қаржыландыруға бөлу қажет.

2.4. 50-баптың 2-тармағын **«Мемлекеттік табиғи резерват ұғымы, негізгі қызметі және аймақтарға бөлу»** толықтыру.

МТР-дың негізгі қызметіне мыналар кіруі тиіс:

- ***Қазақстан Республикасының Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген жануарларды оңалту***

Оңалту – жануарлардың санын сақтауға бағытталған қызметтің дербес түрі.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 31 қазандағы № 409 **«Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме дайындау қағидаларын бекіту туралы»** бұйрығына

мынадай өзгерістер енгізу ұсынылады:

3.1. 2-тармақты мынадай мазмұндағы сөздермен толықтыру ұсынылады: ***сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін табиғи ортадан алып қою***

«биологиялық негіздеме – ***сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін табиғи ортадан алып қоюға***, жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюдың жол берілетін көлемін айқындауға, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілеріне және олардың мекендеу ортасына әсер етуі мүмкін қызметке қатысты ғылыми негізделген қорытынды»;

Бұл толықтыру ***«сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін табиғи ортадан алып қою»*** жануарлар дүниесін пайдалануға жатпайтындығына, Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 15-бабына сәйкес жануарлар дүниесін қорғауға жататындығына байланысты енгізілді.

3.2. 4-тармақты мынадай мазмұндағы сөздермен толықтыру: ***сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында үш жылға дейінгі мерзімге табиғи ортадан алып қоюға.***

Мәтін мынадай редакцияда болады:

«Биологиялық негіздеме балық ресурстары мен басқа да су жануарлары санының алдыңғы жылдағы есебі материалдарының (ағымдағы жылы бекітілген және артемия цисталарының әлеуетті қорлары бар ащы-тұзды су

айдындарын қоспағанда), балық ресурстары мен басқа да су жануарлары объектілеріне, олардың мекендеу ортасына жүргізілген мониторинг және ғылыми зерттеулер материалдарының негізінде бір жыл ішінде дайындалады; ***сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында үш жылға дейінгі мерзімге табиғи ортадан алып қоюға»*.***

Бұл толықтыру «Қызыл кітапқа» енгізілген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында табиғи ортадан алып қою жануарлар популяцияларына зиян келтірмейтіндігіне байланысты енгізілді, өйткені сынамалар алынғаннан, таңбаланғаннан және оңалтудан кейін жануарлар табиғи ортаға жіберіледі; «Қызыл кітапқа» енгізілген түрлер сирек кездесетіндіктен, олардың санын жыл сайын есепке алу көп жағдайда мүмкін емес.

3.3. 5-тармақты мынадай мазмұндағы сөздермен толықтыру: ***сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында табиғи ортадан алып қою.***

Бұл толықтыру осы Қағидалардың 4-тармағынан туындайды. Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 15-бабына сәйкес сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында табиғи ортадан алып қою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы биологиялық негіздеме негізінде қабылданады.

Қосымша 1

Итбалықтардың денесіндегі жарақаттар және олардың балық аулау құралдарына шырмалу мысалдары



Алдыңғы планда жарақаттанған итбалық.
Фото авторы М. Т. Баймуканов
(30.04.2017 ж., Кендірлі шығанағындағы арал)



Итбалық жарасының жақыннан түсірілген көрінісі.
Фото авторы М. Т. Баймуканов
(30.04.2017 ж., Кендірлі шығанағындағы арал)



Балық аулау торына шырмалған итбалық.
Фото авторы М. Т. Баймуканов
(30.04.2017 ж., Кендірлі шығанағындағы арал)



Итбалықтың мойнына батып кеткен балық аулау торынан пайда болған жара. Фото авторы М. Т. Баймуканов
(30.04.2017 ж., Кендірлі шығанағындағы арал)



Итбалықтың мойнына батып кеткен балық аулау торынан пайда болған жара. М. Т. Баймуканов түсірген бейнежазбадан алынған скриншот (13.05.2016 ж., Кендірлі шығанағындағы арал)



Балық аулау торына шырмалған итбалық. М. Т. Баймуканов түсірген бейнежазбадан алынған скриншот (26.04.2018 ж., Тюленьи аралдары, Подгорный аралының маңында)

Каспий итбалығында ауру белгілерінің байқалу мысалдары



Прорва учаскесіндегі екі ауру итбалық.
Фото авторы М.Т. Баймуканов
(30.10.2018 ж., Прорва учаскесіндегі шалыга)



Ауру Каспий итбалығы – денесінің артқы бөлігіндегі қан кету.
Фото авторы М. Т. Баймуканов
(30.10.2018 ж., Прорва учаскесіндегі шалыга)

Қосымша 2

Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдарына және Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме дайындау қағидаларына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар

№ р/н	Бөлім (пункт)	Қолданыстағы редакция	Жаңа редакция	Өзгерістерді енгізу негіздемесі
1	1 бап	қарастырылмаған	**Жануарларды оңалту – ауыр науқастанған және жарақаттанған жабайы жануарларды ұстау, олардың денсаулығы мен тіршілікке қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі ғылыми негізделген шаралар кешені және кейіннен оларды табиғи ортаға жіберу**	Анықтама алғаш рет енгізіледі. Жабайы жануарларды оңалту ұғымының құқықтық негізін айқындау қажет

2	15-баптың 3-тармағы	3. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктерін немесе олардан алынған өнімдерді (дериваттарын) табиғи ортадан алып қоюға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, биологиялық негіздеме негізінде, мынадай мақсаттар үшін ерекше жағдайларда жол беріледі: 1) ғылыми, өсімін молайту, коммерциялық мақсаттарда арнайы жасалған жағдайларда өсіру, сондай-ақ кейіннен мекендеу ортасына жіберу үшін; 2) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін;	3.Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын табиғи ортадан алып қоюға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, биологиялық негіздеме негізінде, мынадай мақсаттар үшін ерекше жағдайларда жол беріледі: 1) ғылыми, өсімін молайту, коммерциялық мақсаттарда арнайы жасалған жағдайларда өсіру, сондай-ақ кейіннен мекендеу ортасына жіберу үшін; 2) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін; 3) селекция жүргізу үшін; **4) оңалту үшін;** 5) ұлттық аңшылық түрлерін дамыту үшін;	Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген жануарларды, оның ішінде Каспий итбалығын оңалту үшін оларды табиғи ортадан алу қажет. Сондықтан «оңалту» ерекше жағдайлардың тізбесіне енгізілуі тиіс.

		3) селекция жүргізу үшін; 4) ұлттық аңшылық түрлерін дамыту үшін.		
3	15-баптың 5-тармағы	5. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктерін және дериваттарын (олардан алынған өнімдерді) ұстау, тасымалдау, сату, сатуға қою және сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.	5. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктерін және дериваттарын (олардан алынған өнімдерді) ұстау, **оңалту,** тасымалдау, сату, сатуға қою және сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.	Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін оңалтуды олардың популяцияларын сақтау және қалпына келтіру мақсатындағы осы бап шеңберіндегі дербес әрі аса маңызды қызмет түрі ретінде қарастыру қажет.
Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы				
4	1 бап	қарастырылмаған	**Оңалту орталығы – Қазақстан Республикасының Сирек**	Анықтама алғаш рет енгізіліп отыр. Жабайы жануарларға арналған оңалту орталығы

			кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген жануарларды оңалтуға арналған мамандандырылған мүліктік кешен. Оңалту орталықтарын құру және олардың қызметі тиісті Қағидалармен реттеледі».	ұғымының құқықтық негізін айқындау қажет.
5	8-баптың 6-1) тармақшасы	қарастырылмаған	**– сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін оңалту қағидаларын әзірлеу.**	Толықтыру алғаш рет енгізіліп отыр. Оңалтуға жататын жануарларды табиғи ортадан алып, қайта жіберу тәртібі, оңалту орталықтарының қызметі, оларға қойылатын талаптар және жануарлардың өмірі үшін жауапкершілік белгіленетін жеке Қағидалардың болуы қажет.
6	30-баптың 4-тармағы	-– сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен	-– сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар	Оңалту – жануарлардың санын сақтауға бағытталған қызметтің дербес түрі.

		жануарлар түрлерін көбейту, өсіру және табиғи ортада қалпына келтіру.	түрлерін көбейту, ***оңалту,*** өсіру және табиғи ортада қалпына келтіру.	
7	35 бап	қарастырылмаған	**– оңалту орталықтарын күтіп-ұстау және жануарларды оңалту.**	Республикалық бюджетте мемлекеттік табиғи резерваттар құрамындағы оңалту орталықтарын күтіп-ұстауға және жануарларды тікелей оңалтуға арналған қаржылық қаражат көзделуі қажет.
8	50-баптың 2-тармағы	қарастырылмаған	**– Қазақстан Республикасының Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген жануарларды оңалту.**	Оңалту – жануарлардың санын сақтауға бағытталған қызметтің дербес түрі.

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме дайындау қағидалары				
9	2-тармақ	Биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюдың жол берілетін көлемін айқындауға, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілеріне және олардың мекендеу ортасына әсер етуі мүмкін қызметке қатысты ғылыми негізделген қорытынды.	Биологиялық негіздеме – **сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін табиғи ортадан алып қоюға**, жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюдың жол берілетін көлемін айқындауға, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілеріне және олардың мекендеу ортасына әсер етуі мүмкін қызметке қатысты ғылыми негізделген қорытынды.	Толықтыру сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін табиғи ортадан алып қоюдың жануарлар дүниесін пайдалануға жатпайтындығына байланысты енгізілді. Ол Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 15-бабына сәйкес жануарлар дүниесін қорғауға жатады.
10	4-тармақ	Биологиялық негіздеме балық ресурстары мен басқа да су жануарлары санының алдыңғы жылдағы есебі	Биологиялық негіздеме балық ресурстары мен басқа да су жануарлары санының алдыңғы жылдағы есебі материалдарының	Толықтыру «Қызыл кітапқа» енгізілген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында табиғи ортадан алу олардың

		материалдарының (ағымдағы жылы бекітілген және артемия цисталарының әлеуетті қорлары бар ащы-тұзды су айдындарын қоспағанда), балық ресурстары мен басқа да су жануарлары объектілеріне, олардың мекендеу ортасына жүргізілген мониторинг және ғылыми зерттеулер материалдарының негізінде бір жыл ішінде дайындалады.	(ағымдағы жылы бекітілген және артемия цисталарының әлеуетті қорлары бар ащы-тұзды су айдындарын қоспағанда), балық ресурстары мен басқа да су жануарлары объектілеріне, олардың мекендеу ортасына жүргізілген мониторинг және ғылыми зерттеулер материалдарының негізінде бір жыл ішінде дайындалады; **сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында табиғи ортадан алуға үш жылға дейінгі мерзім қажет.**	популяцияларына зиян келтірмейтіндігіне байланысты енгізілді, өйткені сынамалар алынғаннан, таңбаланғаннан және оңалтудан кейін жануарлар табиғи ортаға жіберіледі. Сирек кездесетіндігіне байланысты «Қызыл кітапқа» енгізілген түрлердің санын жыл сайын есепке алу бойынша зерттеулер жүргізу көп жағдайда мүмкін емес.

11	5-тармақ	жоқ	**– сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында табиғи ортадан алу;**	Толықтыру алғаш рет енгізіліп отыр және осы Қағидалардың 4-тармағынан туындайды. Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 15-бабына сәйкес сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін ғылыми зерттеулер және оңалту мақсатында табиғи ортадан алу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы биологиялық негіздеме негізінде қабылданады.

Обоснование

Каспийский тюлень – единственное морское млекопитающее Каспийского моря, распространен по всему морю, эндемик, включен в Перечень редких и находящихся под угрозой исчезновения видов растений и животных РК [1].

Казахстанский сектор моря имеет протяженность около 30 % всей береговой линии и здесь концентрируется большая часть популяции вида. Необходимость сохранения и изучения редких и исчезающих видов, к которым относится каспийский тюлень, отражена в ряде Конвенций, ратифицированных РК (Конвенции о биологическом разнообразии, Конвенция по сохранению мигрирующих видов животных, Конвенция о правовом статусе Каспийского моря, Рамочная конвенции по защите морской среды Каспийского моря), Соглашении о сохранении и рациональном использовании водных биологических ресурсов Каспийского моря, Экологическом Кодексе РК [2-7] и других законах и нормативно-правовых актах . В Национальном плане развития Республики Казахстан до 2029 года [8] запланировано увеличение доли ООПТ, мониторинг экосистем, оценка экологических угроз, разработка и внедрение управленческих стратегий по восстановлению и защите среды обитания и сохранению каспийского тюленя.

